

Приозерск аймақтық колледжін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 20 мамыр N 614

Жезқазған облысының Приозерск қаласының кәсіпорындары мен мекемелеріне мамандардың орта буынын даярлауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Жезқазған облысының әкімімен, Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен келісілген Приозерск аймақтық колледжін құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Жезқазған облысының әкіміне:

жаңадан құрылған колледждің материалдық-техникалық базасын

жасау, оған оқу ғимараттары мен жатақханаларын бөлу жөнінде шаралар қабылдау;

колледжді Приозерск қаласы бюджетінің есебінен қаржыландыруды қамтамасыз ету тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Приозерск аймақтық колледжінің Жарғысы мен құрылымын бекітсін, мамандықтардың тізбесін белгілесін және тиісті әдістемемен қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі